

Силлабус

Кафедра «Жұқпалы аурулар және дерматовенерология»

Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы «Балалар жұқпалы аурулары»

Білім беру бағдарламасы **6B10102 «Педиатрия»**

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: BZhA 4307	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пәннің атауы: Балалар жұқпалы аурулары	1.7	Курс: 4
1.3	Реквизитке дейінгі: Морфология және физиология негіздері, клиникаға кіріспе, микробиология және иммунология, ішкі аурулар негіздері, балалар аурулары негіздері	1.8	Семестр: 8
1.4	Реквизиттен кейінгі: ЖТД-гі балалар жұқпалы аурулары, Дерматовенерология	1.9	Кредит саны (ECTS): 4
1.5	Цикл: БнП	1.10	Компонент: ЖООК
2.	Пәннің мазмұны (50 сөзден аспау қажет)		
Жұқпалы аурулары бар балаларды ауруханаға жатқызу ережелері. Жұқпалы аурулары бар балаларға күтім жасау принциптері. Балалардағы жедел ішек инфекциясы. Балалардағы ауа тамшыларының инфекциясы. Менингококк инфекциясы. Балалардағы экзантемалық инфекциялар. Балалардағы зооноздар. Балалардағы гельминтоздар. ИВБДВ (ОКИ, ОРИ). Балалардағы жұқпалы аурулардың алдын алу.			
3.	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Ауызша ✓	3.7	Аралық бақылау (коллоквиум) ✓
3.2	Ситуациялық есептерді шешу және талдау ✓	3.8	Тестілеу/сұхбаттасу ✓
3.3	Рефераттарды дайындау және қорғау	3.9	Тәжірибелік дағдыларды қабылдау ✓
3.4	Тақырыпты таныстыру ✓	3.10	Ғылыми жобалардың әдістерін бағалау критерилері ✓
3.5	Тест тапсырмаларын дайындау ✓	3.11	Case-study бойынша бағалау критерилері ✓
3.6	Ауру тарихын дайындау және қорғау ✓	3.12	Эссе дайындау ✓
4.	Пәннің мақсаты		
Емхана жағдайында және үйде балалардың жұқпалы ауруларын ерте диагностикалау үшін; ауруханаға дейінгі кезеңде және үйде инфекциялық науқастарды емдеу кезінде емдеу-профилактикалық іс-шаралар кешенін жүргізу үшін; шұғыл жағдайларды диагностикалау және ауруханаға дейінгі және госпитальдық кезеңде инфекциялық науқастарға дәрігерлік көмек көрсету үшін қажетті білімді, іскерлікті және тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН 1	Жұқпалы ауруларда диагностиканы, дифференциальды диагностиканы, емдеуді, динамикалық бақылауды түсінуді және дәлелді медицина қағидаттарына негізделген білімін көрсетеді.		
ОН 2	Дағдыларды көрсетеді: жұқпалы аурулар курациясы, клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай алады және оны медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлеріндегі дәлелді медицинаның негізінде тиімді бағалайды.		
ОН 3	Жұқпалы аурулардағы шұғыл медициналық көмек көрсетудегі дағдыларын көрсетеді. Жұқпалы аурулар кезінде ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін анықтайды.		



ОН 4	Қарым-қатынас дағдыларын көрсетеді: инфекциялық профильдегі науқаспен тиімді қарым-қатынас жасай алады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастыру-шылық өрісі шеңберінде әрекет етуге қабілетті. Команда құрамында жұмыс істей алады.					
ОН 5	Төтенше жағдайларда негізгі көмек көрсетуге қабілетті. Халықпен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді. Эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізеді.					
ОН 6	Ақпараттық технологияларды, ДМ дерекқорын күнделікті қызметінде тиімді пайдалану дағдыларын көрсетеді. Есептік құжаттаманы ресімдеуге, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті. Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға қабілетті.					
5.1	Пән ОН	ББ бағдарламасымен оқыту нәтижелерімен байланысты пәннің ОН				
	ОН 3 ОН 5	ОН 1 Шұғыл немесе жоспарлы тәртіппен науқас балаларды емдеуге жатқызу көрсеткіштерін анықтайды;				
	ОН 1	ОН 2 Балалардағы кең таралған аурулар кезінде диагностика, емдеу, динамикалық бақылау үшін биомедицина ғылымдарын білу мен түсінігін көрсетеді;				
	ОН 2 ОН 3	ОН 4 Балалар мен жасөспірімдердің алдын алу, сараптама, оңалту бағдарламаларын іске асырады және бақылайды;				
	ОН 2	ОН 7 Барлық жастағы науқастарға жедел шұғыл білікті медициналық көмек көрсетеді;				
	ОН 4 ОН 6	ОН 10 Медициналық ұйымдарда және олардың құрылымдық бөлімшелерінде балалар денсаулығын сақтау саласында ұйымдастыру, басқару принциптерін сақтайды;				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория)					
	Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, «Қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы» МКҚК. Жібек жолы даңғылы, 13, Телефон 8-7252 (490077), ОҚМА кафедрасы, эл. мекен-жайы: infecsia_11@mail.ru . «Балалар жұқпалы аурулары» сабақтары компьютерлік құралдармен жабдықталған кафедра аудиторияларында өткізіледі. Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда сайттың басты бетіндегі «ОҚМА» АҚ сайтының CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар және/немесе электрондықпошта арқылы хабарласа аласыздар.					
6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
	120	10	30	-	12	68
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	ТАЖ	Дәрежесі және лауазымы			Электрондық адресі	
1	Жузжасарова Айгерім Аймаханбетовна	PhD, доцент			aygerim77@mail.ru	
2	Әуезханов Саматхан Полатханұлы	ассистент			auezkhanov92@mail.ru	
3	Садықова Дана Қайратқызы	ассистент			danoka.kz@mail.ru	
4	Әшпаева Самал Төлепбергенқызы	ассистент			ashtaeva@bk.ru	
8.	Тақырыптық жоспар					
Апта	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқытудың әдістері/технологиялары	Бағалау түрлері/әдістері
1	Дәріс. Балалардағы жедел	Шигеллездар. Сальмонеллез Іш сүзегі және паратифтер А,В,С.	ОН 1,4,6	1	Шолу дәрісі	Кері байланыс



	бактериалды ішек инфекциялары	Эшерихиоз. Қоздырғыштардың сипаттамасы. Эпидемиология. Патогенез. Клиникалық жіктелуі. Клиникасы. Диагностика. Дифференциалды диагноз. БЖАИЖ (ЖИИ)				
	Тәжірибелік сабақ. Балалардағы жедел бактериалды ішек инфекциялары	Балалардағы ағымның ерекшеліктері. Дифференциалды диагноз. Терапия принциптері. Санитарлық ережелер. Алдын алу және ошақта жұмыс істеу. Жедел ішек инфекцияларындағы төтенше жағдайлар. Сусыздану. ИТШ. Нейротоксикоз. Ауырлық критерийлері. Асқынулары. Жас ерекшеліктері. Регидратациялық терапия принциптері. Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда шұғыл көмек.	ОН 1,3,4,6	3	Науқастарды курациялау, тақырыптық дискуссия, ТВЛ, кафедраның жеке сайты мен жұмыс жасау.	тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбаттасу, рецепттер жазу.
	ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы жедел бактериалды ішек инфекциялары	Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары	ОН 1,3,4,6	1/5	Презентация кейс, ғылыми жоба бойынша тақырыптарын таңдау (ЖРВИ және тұмау дәуіріндегі, (COVID-19)) және талқылау эссе, клиникалық есептерді шешу	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу
2	Дәріс. Балалардағы жедел вирустық ішек инфекциялары	Ротавирустық гастроэнтерит. Энтеровирустық (Коксаки және ЕСНО) инфекция. Полиомиелит.	ОН 1,4,6	1	Мәселелік дәріс	Кері байланыс



	<p>Тәжірибелік сабақ. Балалардағы жедел вирустық ішек инфекциялары</p>	<p>Балалардағы ағымның ерекшеліктері. Дифференциалды диагноз. Терапия принциптері. Санитарлық ережелер. Алдын алу және ошақта жұмыс істеу. Жедел ішек инфекцияларындағы төтенше жағдайлар. Сусыздану. ИТШ. Нейрот оксикоз. Ауырлық критерийлері. Асқынулары. Жас ерекшеліктері. Регидратациялық терапия принциптері. Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда шұғыл көмек.</p>	<p>ОН 1,2,3, 4,6</p>	<p>3</p>	<p>Науқастарды курациялау, ТВЛ, кафедраның жеке сайтымен жұмыс жасау.</p>	<p>тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбат тасу, рецепттер жазу. Ауру тарихы бойынша жұмысын бағалау.</p>
	<p>ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы жедел вирустық ішек инфекциялары</p>	<p>Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары</p>	<p>ОН 1,2,3, 4,6</p>	<p>1/6</p>	<p>Презентация кейс, ғылыми жоба тақырыптарын тандау және талқылау эссе, клиникалық есептерді шешу</p>	<p>1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу</p>
3	<p>Дәріс. Балалардағы вирусты гепатиттер (А,Е,В,С,Д)</p>	<p>Вирусты гепатиттер А,В,С,Д. Қоздырғыштардың сипаттамасы. Эпидемиологияның ерекшеліктері. Патогенез. Билирубин алмасуының бұзылу механизмі. Патоморфология. Клиникасы. Болжамы. Вирустық гепатиттің қатерлі түрі. Гепатодистрофия. Диагностика. Серологиялық маркерлер.</p>	<p>ОН 1,4,6</p>	<p>1</p>	<p>Шолу дәрісі</p>	<p>Кері байланыс</p>
	<p>Тәжірибелік сабақ. Балалардағы</p>	<p>Дифференциалды диагноз. Жедел вирустық гепатиттерді</p>	<p>ОН 1,3, 4,6</p>	<p>3</p>	<p>PBL, TBL Науқастарды курация</p>	<p>тестілеу, ауызша және жазбаша</p>



	вирусты гепатиттер (А,Е,В,С,Д)	емдеу. Алдын алу. Санитарлық ережелер. Ошақтағы жұмыс. Диспансерлік бақылау. Созылмалы вирустық гепатиттер, этиология, патоморфология. Клиникалық көріністер. Тұқым қуалайтын және метаболикалық аурулармен дифференциалды диагноз. Диагностика. Болжамы. Емдеу. Алдын алу.			лау, TBL, Case-study. рөлдік ойын, кафедраның жеке сайтымен жұмыс жасау.	сұрау, сұхбат тасу, рецепттер жазу.
	ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы вирусты гепатиттер (А,Е,В,С,Д)	Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары	ОН 1,3, 4,6	1/6	презентация, кейс ғылыми жоба материалдарын дайындау және өңдеу, эссе, клиникалық есептерді шешу	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу
4	Дәріс. Жедел респираторлы вирустық инфекциялар	Жедел респираторлық вирустық инфекциялар: парагрипп, аденовирустық инфекция, риновирустық инфекция, респираторлық синцитиальды инфекция. Анықтама. Аурушандық, зерттеу тарихы. Қоздырғыш сипаттамасы. Эпидемиологиялық ерекшеліктері. Патогенез фазалары. Жіктеу. Клиникалық жіктелуі. Диагностика. Дифференциалды диагноз. ТАЖ емдеу принциптері.БЖАИЖ (ЖРИ)алдын-алу. Ошақтағы эпидемияға қарсы іс-шаралар.	ОН 1,4,6	1	Шолу дәрісі	Кері байланыс
	Тәжірбиелік сабақ. Жедел	Жедел респираторлық вирустық инфекциялардағы	ОН 1,3, 4,5,6	3	Науқастарды курациялау, TBL,	тестілеу, ауызша және



	респираторлық вирустық инфекциялар	шұғыл жағдайлар: круп синдромы, нейротоксикоз, обструктивті бронхит, бронхиолит, гипертермиялық синдром, тырысулық синдром. Ауырлық критерийлері. Асқынулар. Жас ерекшеліктері. ТАЖ емдеу принциптері. (БОС, Жедел ларинготрахеит). Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда шұғыл көмек.			Case-study. рөлдік ойын, кафедраның жеке сайтымен жұмыс жасау.	жазбаша сұрау, сұхбаттасу, рецепт жазу
	ОБӨЖ/БӨЖ Жедел респираторлық вирустық инфекциялар	Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары	ОН 1,3, 4,5,6	1/6	презентация, кейс, нәтижелерді талдау ғылыми жобаны эссе, шешім клиникалық міндеттер	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу
5	Дәріс. Балалардағы тұмау, (COVID19) коронавирустық инфекциясы.	Балаларда тұмау және Тұмау, (COVID-19) балалардағы коронавирустық инфекция. Этиологиясы. Эпидемиология. Патогенез. Ағзалардағы патоморфологиялық өзгерістер. Клиникалық түрлерінің жіктелуі. Клиникасы және тұмау ағымы, (COVID-19) ауырлық критерийлері. Клиникалық синдромдар. Асқынулар. Диагностика.	ОН 1,4,6	1	Мәселелік дәріс	Кері байланыс

	Тәжірбиелік сабақ. Балалардағы тұмау, (COVID19) коронавирустық инфекциясы.	Дифференциалды диагноз. Терапия принциптері. Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда жедел жәрдем алгоритмі. Алдын алу. Эпидемияға қарсы ошақтағы іс-шаралар.	ОН 1,3, 4,6	3	Науқастарды курациялау, ТВЛ, Case-study. рөлдік ойын, кафедраның жеке сайтымен жұмыс жасау.	тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбат алу, рецепт жазу
	ОБӨЖ Балалардағы тұмау, (COVID19) коронавирустық инфекциясы.	Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары	ОН 1,3, 4,6	2/5	презентация, кейс,ғылыми жобаға тұжырымдау эссе, клиникалық есептерді шешу	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу
	Аралық бақылау № 1	Тест, тео-қ сұрақтарға жауап жазу, ситуациялық есептерді шешу				
6	Дәріс. Балалардағы ауа-тамшылы инфекциялар	Менингококк инфекциясы. Паражөтел. Паротит инфекциясы. Инфекциялық моноклеоз. Қоздырғыш сипаттамасы. Эпидемиология. Патогенез. Клиникалық түрлерінің жіктелуі және симптоматикасы. Диагностика.	ОН 1,4,6	1	Шолу дәрісі	Кері байланыс
	Тәжірбиелік сабақ. Балалардағы ауа-тамшылы инфекциялар	Дифференциалды диагноз. Терапия принциптері. Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда жедел жәрдем алгоритмі. Алдын алу. Эпидемияға қарсы ошақтағы іс-шаралар.	ОН 1,3,4,5,6	3	Науқастардың курациясы, глоссарий, PBL open labyrinth, ТВЛ платформасында, Case-study,	тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбаталу, эссе, портфолио, рецепт жазу
	ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы ауа-тамшылы инфекциялар	Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары	ОН 1,3,4,5,6	1/6	презентация, кейс,ғылыми жобаны тұжырымдау эссе, клиникалық есептерді шешу	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу

7	<p>Дәріс. Балалардағы экзантемалық инфекциялар.</p>	<p>Қызылша. Қызамық. Желшешек. Скарлатина. Этиологиясы. Патогенез. Патоморфология. Жіктеу. Клиникалық симптоматология. Қызылша, қызамық ауруының стандартты анықтамасы. Туа біткен қызамық синдромы. Асқынулар. Зертханалық зерттеу әдістерінің диагностикалық маңыздылығы. Емдеу. Алдын алу. Санитарлық ережелер. Инфекция ошағындағы іс-шаралар. Алдын алу.</p>	ОН 1,4,6	1	Шолу дәрісі	Кері байланыс
	<p>Тәжірбиелік сабақ. Балалардағы экзантемалық инфекциялар.</p>	<p>Дифференциалды диагноз. Терапия принциптері. Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда жедел жәрдем алгоритмі. Алдын алу. Эпидемияға қарсы ошақтағы іс-шаралар.</p>	ОН 1,3,4,6	3	Науқастарды курациялау, TBL, Case-study. рөлдік ойын, кафедраның жеке сайтымен жұмыс жасау.	тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбат алу, рецепт жазу
	<p>ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы экзантемалық инфекциялар.</p>	<p>Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары</p>	ОН 1,3,4,6	1/6	презентация, кейс ғылыми жоба бойынша баяндама жасау, эссе, клиникалық есептерді шешу шешу	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу
8	<p>Дәріс. Балалардағы зооноздар. Балалардағы гельминтоздар</p>	<p>Бруцеллез. Листерия. Иерсиниоз. Энтеробиоз. Аскаридоз. Гименолепидоз Қоздырғыштардың сипаттамасы. Эпидемиология. Патогенез. Классификация Клиникалық симптоматология. Стандартты ауру жағдайын анықтау.</p>	ОН 1,4,6	1	Шолу дәрісі	Кері байланыс

		Диагностика.				
	Тәжірбиелік сабақ. Балалардағы зооноздар. Балалардағы гельминтоздар	Дифференциалды диагноз. Терапия принциптері. Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда жедел жәрдем алгоритмі. Алдын алу. Эпидемияға қарсы ошақтағы іс-шаралар.	ОН 1,2,3,4,6	3	Науқастарды курациялау, TBL, Case-study. рөлдік ойын, кафедраның жеке сайтымен жұмыс жасау.	тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбаттасу, рецепттер жазу
	ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы АИТВ-инфекциясы	Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары	ОН 1,2,3,4,6	1/6	презентация ғылыми жобаның тезисін жариялауға дайындық, кейс, эссе, клиникалық есептерді шешу	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу
9	Дәріс. Балалардағы эмерджентті инфекциялар	Көкжөтел ауруы. Күл ауры. Қоздырғыштардың сипаттамасы. Эпидемиология. Патогенез. Классификация Клиникалық симптоматология. Стандартты ауру жағдайын анықтау. Диагностика.	ОН 1,4,6	1	Шолу дәрісі	Кері байланыс
	Тәжірбиелік сабақ. Балалардағы эмерджентті инфекциялар	Дифференциалды диагноз. Терапия принциптері. Ауруханаға дейінгі кезеңде және стационарда жедел жәрдем алгоритмі. Алдын алу. Эпидемияға қарсы ошақтағы іс-шаралар.	ОН 1,3,4,5,6	3	PBL, TBL, Case-study.	тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбаттасу, рецепттер жазу, эссе
	ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы тропикалық инфекциялар	Балалардағы Безгек ауруы, Шистосомоз. Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық	ОН 1,3,4,5,6	1/5	презентация, кейс	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу

		хаттамалары				
10	Дәріс Балалардағы АИТВ-инфекциясы. Балалардың жұқпалы ауруларының спецификалық профилактикасы	Балалардағы АИТВ-инфекциясы. Этиопатогенез, әртүрлі кезеңдердегі негізгі клиникалық көріністер, оппортунистік инфекциялар, диагностика, емдеу және алдын алу . Балалардың жұқпалы ауруларының спецификалық профилактикасы	ОН 1,4,6	1	Мәселелік дәрісі	Кері байланыс
	Тәжірбиелік сабақ. Балалардағы АИТВ-инфекциясы. Балалардың жұқпалы ауруларының спецификалық профилактикасы	Балалардағы АИТВ-инфекциясының дифференциалды диагнозы. Балалардағы ерекшеліктер. Терапия принциптері. Алдын алу. ҚР профилактикалық егулерінің ұлттық күнтізбесі.	ОН 1,3, 4,6	3	Case-study, рөлдік ойын, кафедраның жеке сайтымен жұмыс жасау.	тестілеу, ауызша және жазбаша сұрау, сұхбаттасу, рецепттер жазу, эссе
	ОБӨЖ/БӨЖ Балалардағы АИТВ-инфекциясы. Балалардың жұқпалы ауруларының спецификалық профилактикасы	Тақырыптың нозологиясы бойынша ҚР ДСМ диагностика мен емдеудің қолданыстағы клиникалық хаттамалары	ОН 1,3, 4,6	2/5	презентация кейс, эссе, клиникалық есептерді шешу	1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3- ситуациялық есептерді шешу
	Аралық бақылау № 2	Тест, тео-қ сұрақтарға жауап жазу, ситуациялық есептерді шешу				
	Аралық аттестацияны дайындау және өткізу	Тәжірбиелік дағдылар аттестациясы бойынша дағдыларды меңгеру, тест-емтихан,ситуациялық есептерді шешу				
9.	Оқыту әдістері және бақылау түрлері					
9.1	Дәріс	Шолу, Мәселелік, дәріс.				
9.2	Тәжірбиелік сабақ Оқу ауру тарихын дайындау және қорғау,тәжірбиелік дағдылар аттестациясы бойынша дағдыларды меңгеру, PBL, TBL, Case-study, тақырыптық пікір талас, кафедраның өз сайтымен жұмыс, стандартталған пациент, рөлдік ойын.				Тесттілеу, ауызша және жазбаша сұрау, эссе, портфолио, рецептер жазу.	
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ 1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3-ситуациялық есептерді шешу				Презентация, ситуациялық тапсырмалар, тақырып бойынша эссе, ғылыми мақалаларды талдау.	



9.4	Аралық бақылау	Тестілеу, тео-қ сұрақтарға жауап жазу, ситуациялық есептер			
10.	Бағалау критерийлері				
10.1	Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері				
№	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Жұқпалы аурулар кезінде диагностиканы, дифференциальды диагностиканы, емдеуді, динамикалық бақылауды түсінуді және дәлелді медицина қағидаттарына негізделген білімін көрсетеді.	1) Жұқпалы аурулар кезіндегі диагностика, дифференциальды диагностика туралы білімі мен түсінігін көрсете алмайды.	1) Жұқпалы аурулар кезіндегі диагностика, дифференциальды диагностика туралы білімі мен түсінігінің жеткіліксіздігін көрсетеді.	1) Жұқпалы аурулар кезіндегі диагностика, дифференциальды диагностика туралы білімі мен түсінігін көрсетуге қабілетті.	1) Жұқпалы аурулар кезіндегі диагностика, дифференциальды диагностика туралы білімі мен түсінігін дербес көрсетеді.
		2) Жұқпалы аурулар кезінде ем тағайындауға және динамикалық бақылау жүргізуге қабілетсіз.	2) Жұқпалы аурулар кезінде динамикалық бақылау жүргізуде және емдеуде қателіктер жібереді.	2) Жұқпалы аурулар кезінде ем тағайындауға және динамикалық бақылау жүргізуге қабілетті.	2) Жұқпалы аурулар кезінде емдеуді дербес тағайындайды және балаларда динамикалық бақылау жүргізеді.
		3) Емдеуде дәлелді медицина қағидаттарын қолданбайды.	3) Емдеуде дәлелді медицина қағидаттарын жеткіліксіз қолданады.	3) Емдеуде дәлелді медицина қағидаттарын қолдануға қабілетті.	3) Дәлелді медицина қағидаттары негізінде тағайындауларды талдайды.
2	Дағдыларды көрсетеді: жұқпалы аурулар курациясы, клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай алады және оны медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлеріндегі дәлелді медицинаның негізінде	1) Жұқпалы аурулардың курациясын көрсете алмайды.	1) Жұқпалы аурулардың курация дағдыларының жеткіліксіздігін көрсетеді.	1) Мынадай дағдыларды көрсете алады: инфекциялық ауруларды курациялау.	1) Инфекциялық ауру бар балаларды курациялау дағдыларын өз бетінше көрсетеді.
		2) Клиникалық диагнозды тұжырымдай алмайды, емдеу жоспарын тағайындай алмайды.	2) Клиникалық диагнозды тұжырымдауда қателіктер жібереді, емдеу жоспарын тағайындайды.	2) Клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай алады.	2) Клиникалық диагнозды дербес тұжырымдайды, емдеу жоспарын тағайындайды.
		3) Дәлелді медицина негізінде емдеудің тиімділігін	3) Дәлелді медицина негізінде емнің тиімділігін	3) Дәлелді медицина негізінде емдеудің	3) Медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәлелді медицина негізінде



	тиімді бағалайды.	бағалай алмайды.	бағалауға қабілеті жеткіліксіз	тиімділігін бағалауға қабілетті.	емдеудің тиімділігін талдайды және Бағалайды.
ОН3	Жұқпалы аурулардағы шұғыл медициналық көмек көрсетудегі дағдыларын көрсетеді. Жұқпалы аурулар кезінде ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін анықтайды.	1) Жұқпалы ауруларға шұғыл медициналық көмек көрсетуге қабілетсіз. 2) Жұқпалы аурулар кезінде ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін анықтай алмайды.	1) Жұқпалы ауруларға шұғыл медициналық көмек көрсету дағдыларында қателіктер жібереді. 2) Жұқпалы аурулар кезінде ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін анықтауға жеткіліксіз.	1) Жұқпалы ауруларға шұғыл медициналық көмек көрсету дағдыларын көрсетуге қабілетті. 2) Жұқпалы аурулар кезінде ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін анықтауға қабілетті.	1) Жұқпалы ауруларға шұғыл медициналық көмек көрсету дағдыларын дербес көрсетеді. 2) Жұқпалы аурулар кезінде емдеуге жатқызу көрсеткіштерін дербес айқындайды.
ОН4	Қарым-қатынас дағдыларын көрсетеді: инфекциялық профильдегі науқаспен тиімді қарым-қатынас жасай алады. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде әрекет етуге қабілетті. Команда құрамында жұмыс істей алады.	1) Коммуникативтік іс-қимыл дағдыларын көрсете алмайды: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында инфекциялық бейіндегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен өзара іс-қимыл жасау. 2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде әрекет етуге қабілетсіз.	1) Коммуникативтік іс-әрекет дағдыларында қателіктер жібереді: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында инфекциялық бейіндегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен өзара іс-қимыл жасау. 2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде әрекет етуге жеткіліксіз қабілетті	1) Коммуникативтік іс-әрекет дағдыларын көрсетуге қабілетті: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында инфекциялық бейіндегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен өзара іс-қимыл жасау. 2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде әрекет етуге қабілетті	1) Коммуникативтік іс-қимыл дағдыларын дербес көрсетеді: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында инфекциялық бейіндегі пациентпен, оның қоршаған ортасымен, Денсаулық сақтау мамандарымен өзара іс-қимыл жасайды. 2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық өрісі шеңберінде дербес әрекет етеді



		3)Команда құрамында жұмыс істей алмайды.	3)Команда құрамының жұмысында белсенді емес.	3)Команда құрамында жұмыс істей алады.	3)Команда құрамында тиімді жұмыс істейді.
ОН5	Төтенше жағдайларда негізгі көмек көрсетуге қабілетті. Халықпен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізеді. Эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізеді.	1) Төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге қабілетсіз.	1) Төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуде қателіктер жібереді.	1) Төтенше жағдайларда базалық көмек көрсетуге қабілетті.	1) Төтенше жағдайларда өз бетінше базалық көмек көрсетеді.
		2)Халықпен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуге қабілетсіз.	2)Халықпен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуге қабілеті жеткіліксіз.	2)Халықпен санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізуге қабілетті.	2)Халықпен санитарлық-ағарту жұмыстарын дербес жүргізеді.
		3)Эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізбейді.	3)Эпидемияға қарсы іс-шараларды толық жүргізбейді.	3)Эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуге қабілетті.	3)Эпидемияға қарсы іс-шараларды дербес жүргізеді.
ОН 6	Ақпараттық технология-ларды, ДМ дерекқорын күнделікті қызметінде тиімді пайдалану дағдыларын көрсетеді. Есептік құжаттаманы ресімдеуге, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті. Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға қабілетті.	1) Ақпараттық техноло-гияларды, ДМ деректер базасын өзінің күнделікті қызметінде пайдалануға қабілетсіз.	1) Өзінің күнделікті қызметінде ақпараттық технологиялар ды, ДМ дерекқорын пайдалану бойынша қателіктер жібереді.	1) Өзінің күнделікті қызметінде ақпараттық технологиялар ды, ДМ дерекқорын тиімді пайдалану дағдыларын көрсетуге қабілетті.	1) Өзінің күнделікті қызметінде ақпараттық технологияларды, ДМ дерекқорын тиімді пайдалану дағдыларын дербес көрсетеді.
		2)Есептік құжаттаманы рәсімдеуге, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетсіз.	2)Есепке алу құжаттамасын рәсімдеуге, зерттеу тобының жұмысына қатысуға жеткіліксіз қабілетті.	2)Есептік құжаттаманы рәсімдеуге, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті.	2)Есептік құжаттаманы дербес рәсімдейді, зерттеу тобының жұмысына белсенді қатысады.
		3) Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және дамуға ұмтылысы жоқ.	3)Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеу мен дамуға белсенді емес.	3)Үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға қабілетті.	3)Мақсатты, үздіксіз өзін-өзі тәрбиелеуге және дамытуға қабілетті.

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған чек парағы

Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
Тақырыптарды ауызша	«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес:	- Егер білім алушы жауап беру кезінде қателіктер, дәлсіздіктер жасамаса, қойылады.



<p>талқылау: 1-ауызша сұрау 2- тестілеу 3-науқастарды курациялау</p>	<p>A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)</p>	<p>- Оқытылатын пән бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға бағдарланады және оларға сыни баға береді, - Басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдаланады.</p>
	<p>«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)</p>	<p>- Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе - Білім алушылардың өздері түзеткен негізсіз дәлсіздіктер немесе негізгі қателіктер жіберсе - Бағдарламалық материалды оқытушының көмегімен жүйелендіре алса.</p>
	<p>«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,33; 55-59%) D (1,0; 50-54%)</p>	<p>- Егер білім алушы жауап беру кезінде дәлсіздіктер мен негізгі емес қателіктер жіберсе. - Тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелсе. - Материалды жүйелеуде үлкен қиындықтар туындаса.</p>
	<p>«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)</p>	<p>- Егер білім алушы жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жіберсе. - Сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттерді жасамаса, қойылады. - Пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмайды, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап береді.</p>
<p>Тәжірибелік жұмысты орындау 1- Тәжірбиелік дағдылар аттестациясы бойынша дағдыларды меңгеру 1- Асқазанды жуу 2- Безредко әдісі бойынша сарысуды енгізу 3-Люмбальды пункция 4- Обаға қарсы киімді кию және шешу 5-Балаларда аңқадан жағынды алу</p>	<p>«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)</p>	<p>- Егер білім алушы жауап беру кезінде қателіктер, дәлсіздіктер жасамаса, қойылады. - Ол оқытылатын пән бойынша теорияларды, тұжырымдамалар мен бағыттарды басшылыққа алады және оларға сыни баға береді - Басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.</p>
	<p>«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)</p>	<p>- Егер білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, негізгі емес дәлсіздіктер немесе білім алушының өзі түзеткен негізгі қателіктер жіберсе. - Бағдарламалық материалды оқытушының көмегімен жүйелендіре алса.</p>
	<p>«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,33; 55-59%) D (1,0; 50-54%)</p>	<p>- Егер білім алушы жауап беру кезінде дәлсіздіктер мен негізгі емес қателіктер жіберсе. - Тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелсе. - Материалды жүйелеуде үлкен қиындықтар туындаса.</p>
	<p>«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)</p>	<p>- Егер білім алушы жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жіберсе. - Сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттерді жасамаса, қойылады. - Пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмайды, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап береді.</p>
<p>Ситуациялық есептерді шешу,</p>	<p>«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес:</p>	<p>- Жұмысқа белсенді қатысты. - Сонымен бірге өзіндік ойлау</p>



тәжірибелік дағдыларды бағалау	A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)	қабілетін көрсетті, материалды терең білді. - Талқылау кезінде басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды.
	«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	- Жұмысқа белсенді қатысты. - Материалды білетіндігін көрсетті, принципіалды емес дәлсіздіктер немесе білім алушының өзі түзеткен принципті қателіктер жіберді.
	«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,33; 55-59%) D (1,0; 50-54%)	- Жұмыс кезінде енжар болды. - Дәлсіздіктер мен қателіктерге жолберді. - Материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға тап болды.
	«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	- Жұмысқа қатыспады. - Оқытушының сұрақтарына жауап бере отырып, түбегейлі қателіктермен дәлсіздіктер жасады. - Жауап беру кезінде ғылыми терминологияны қолданбады.
Емтихан тест, тәжірибелік дағдыларды бағалау.	«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)	90-100% дұрыс жауаптар.
	«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	70-89% дұрыс жауаптар.
	«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,33; 55-59%) D (1,0; 50-54%)	50-69% дұрыс жауаптар.
	«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	50%-дан төмен дұрыс жауаптар.
Шағын топпен жұмыс: стандартталған пациент	«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)	- Білім алушы топпен жұмыс істей алғанда, топты біріктіре алғанда қойылады. - Күшті білім алушы – қажет жағдайда оқу материалын басқа білім алушыларға түсіндіре алатын академиялық көшбасшы.
	«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	- Ұйымдастырушы көшбасшы, дайындық деңгейі бойынша күштінемесе орташа білім алушы, тобының материалды меңгеруін, сәйкес теориялық тапсырмаларды орындауын бақылаушы.
	«Қанағаттанарлық»	- Енжар білім алушы, қажет болған жағдайда

	Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,33; 55-59%); D (1,0; 50-54%)	топтың басқа мүшелерінен көмек сұрайды. - Білім алушы сұрау барысында қағидалы қателіктер жіберіп, сабақтың тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттерді өңдемеді, пәннің ұйылыми терминологиясын пайдалана алмайды, дөрекі қателермен жауап берді.
	«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	- Жұмыс орындамаған жағдайда.

Аралық аттестаттау

Тест сұрақтары, ситуациялық есептер	«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%).	90-100% дұрыс жауаптар.
	«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%).	70-89% дұрыс жауаптар.
	«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%).	50-69% дұрыс жауаптар.
	«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес FX (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%).	50%-дан төмен дұрыс жауаптар.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы (ОБӨЖ/БӨЖ) арналған чек-парағы

Бақылау формасы	Бағасы	Бағалау критерилері
Презентация дайындау және қорғау	«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	- Презентация белгіленген мерзімде өз бетінше орындалды, кемінде 3 әдебиет көздерін пайдалану, мазмұндық және безендірілген слайдтар. - Қорғау кезінде тақырып бойынша терең білімдерін көрсетеді. - Талқылау кезінде сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктерге жол бермейді, қиындықсыз немесе сәл ойланбастан жауап береді.
	«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%)	- Презентация белгіленген мерзімде өз бетінше орындалған, кемінде 3 әдебиет көздерін пайдалану, слайдтар мазмұндық, мүмкін емес, қорғау кезінде баяндамашы тақырып бойынша жақсы білімдерін көрсетеді. - Сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктерге жол береді, оны өзі түзетеді.
	«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%)	- Презентация өз бетінше орындалған, белгіленген мерзімде, 3 әдебиеттен кем емес пайдаланылған, слайдтар мазмұнсыз болуы мүмкін.

	C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)	- Қорғау кезінде сұрақтарға жауап беру кезінде принципті қателіктер жібереді немесе өз материалында бағдарланбайды.
	«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24 %)	- Презентацияны қорғау кезінде мәтін дұрыс емес оқиды. - Білім алушы өз материалында жеткілікті бағдарланбайды.
Презентация тақырыптары: 1-ауызша сұрау 2-ситуациялық есептерді шешу	«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%)	- Презентация көлемі 20 слайдтан кем емес, белгіленген мерзімде дербес орындалды. - Кем дегенде 5 әдеби дерек пайдаланылды. - Слайдтар мазмұнды және қысқа. - Қорғау кезінде тақырып бойынша терең білім көрсетеді. - Талқылау кезінде сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктер жібермейді.
	«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес: B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)	- Презентация көлемі 20 слайдтан кем емес, белгіленген мерзімде дербес орындалды. - Кем дегенде 5 әдеби дерек пайдаланылды. - Слайдтар мазмұнды және қысқа. Қорғау кезінде тақырып бойынша жақсы білім көрсетеді. - Өзі түзететін сұрақтарға жауап беру кезінде принципсіз қателіктер жібереді.
	«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,33; 55-59%) D (1,0; 50-54%)	- Презентация көлемі 20 слайдтан кем емес, белгіленген мерзімде дербес орындалды. - Кем дегенде 5 әдеби дерек пайдаланылды. - Слайдтар мазмұнды емес. - Қорғау кезінде сұрақтарға жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жібереді.
	«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес: FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)	- Презентация белгіленген мерзімде тапсырылмаған, көлемі 20 слайдтан кем. - 5-тен аз әдеби дерек пайдаланылды. - Слайдтар мазмұнды емес. - Қорғау кезінде сұрақтарға жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібереді. - Өз материалында бағдарланбайды.

Оқу ауру тарихын дайындау және қорғау

Бағалау формасы	Бағалау	Бағалау критерийлері
Оқу ауру тарихын дайындау және қорғау	Өте жақсы Бағаға сәйкес келеді: A (4,0; 95-100%);	- Ауру тарихы ұқыпты жазылған және белгіленген мерзімде тапсырылды. - Ауру тарихын жазу схемасы сақталған. Алдын ала диагноз дұрыс қойылған.

<p>A- (3,67; 90-94%)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Шағымдары, анамнестикалық мәліметтер және эпидемиологиялық анамнез толық жиналған. - Зерттеу және емдеу жоспары Клиникалық хаттамаға сәйкес келеді. - Аспаптық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері дұрыс интерпретацияланған. - Клиникалық диагноз логикалық дұрыс негізделген, емдеу жоспары рецепт бойынша толық жасалған, Клиникалық хаттамаға сәйкес келеді. - Күнделіктер дәйекті, егжей-тегжейлі жазылған. - Болжам мен ұсыныстар толық, дұрыс сипатталған.
<p>Жақсы Бағаға сәйкес келеді: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Ауру тарихы ұқыпты жазылған және белгіленген мерзімде тапсырылды. - Ауру тарихын жазу схемасы толық сақталмаған. Алдын ала диагноз дұрыс қойылған. - Шағымдары, анамнестикалық мәліметтер және эпидемиологиялық анамнез толық жиналмаған. - Зерттеу және емдеу жоспары Клиникалық хаттамаға сәйкес келмейді. - Аспаптық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері дұрыс интерпретацияланбаған. - Клиникалық диагноз логикалық дұрыс негізделген, емдеу жоспары рецепт бойынша толық жасалған, - Клиникалық хаттамаға сәйкес келмейді. - Күнделіктер қысқа жазылған. Болжам мен ұсыныстар жеткіліксіз сипатталған.
<p>Қанағаттанарлық Бағаға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Ауру тарихы ұқыпты жазылмаған және белгіленген мерзімде тапсырылмады. - Ауру тарихын жазу схемасы сақталмаған. Алдын ала диагноз қойылмаған. - Шағымдары, анамнестикалық мәліметтер және эпидемиологиялық анамнез қате жиналған. - Зерттеу және емдеу жоспары Клиникалық хаттамаға сәйкес келмейді. - Аспаптық және зертханалық зерттеулердің нәтижелері дұрыс интерпретацияланбаған. - Клиникалық диагноз негізделмеген, емдеу жоспары рецепт бойынша толық жасалмаған, Клиникалық хаттамаға сәйкес келмейді. - Күнделіктер қысқа жазылған. - Болжам мен ұсыныстар жоқ.
<p>Қанағаттанарлықсыз FX(0,5; 25-49%) F (0; 0-24%)</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Ауру тарихы тексеруге ұсынылмаған.

Ғылыми жобалар әдісін бағалау критерийлері:

№	Позиция	Критерий	Максимальды балл
	Инновациялық, бірегейлігі	Ғылыми жобада жаңалықтың белгілі бір дәрежесінің болуы; инновация жұмысының бірегей сапасы мен принципі	10
	Өзектілігі	Зерттелетін мәселе жобасының маңыздылығын, нәтижелердің қажеттілігін көрсету	20
	Сипаттаманың сапасы мен қол жетімділігі	Материалдарды жүйелеудің қолжетімділігі, толықтығы, сапасы, баяндаудың стилі мен мәдениеті	20
	Жобаның жарияланымдары және сыртқы көрінісі	Зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдардың болуы, баяндамалар және конференцияларға қатысу	10
	Енгізу тәжірибесі	Жоспарланған қасиеттерге қол жеткізуді растай отырып, жобаны іс жүзінде іске асыруда оң тәжірибенің болуы	10
	Пысықталуы	Ғылыми жобаны терең және кешенді әзірлеу, тәуекелдерді және оларды еңсеру тәсілдерін болжау	10
7	Әлеуметтік әсері	Ғылыми жобаны тираждау кезіндегі әлеуетті оң әлеуметтік өзгерістердің мәні мен ауқымы	20
	Қорытынды		Мах - 100

Case-study бойынша бағалау критерийлері:

Case-study баяндамасының нәтижесі бойынша: білім алушы сапалы баға алады ("Өте жақсы", "Жақсы", "Қанағаттанарлық", "Қанағаттанарлықсыз").

Бағасы	Критерийлер	Пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
«Өте жақсы»	Науқасқа толық және сауатты тексеру жүргізген, нәтижелерді нақты, қисынды баяндаған, сабақтың оқу материалын жан-жақты, жүйелі және терең білгенін анықтаған, сондай-ақ зерделенетін жағдай бойынша қосымша әдебиеттермен таныс білім алушы лайық	95-100	Өте жақсы
		90-94	
«Жақсы»	Науқасты сауатты тексерген білім алушы, өте сенімді науқасты баяндаған, сабаққа ұсынылған негізгі әдебиетті меңгерген білім алушы лайықты	85-89	Жақсы
		80-84	
		75-79	
		70-74	
«Қанағаттанарлық»	Науқасты толық тексермеген, науқасты жеткілікті түрде сенімді түрде баяндамаған, пәнді одан әрі меңгеру үшін қажетті көлемде оқу материалдарын, сабаққа ұсынылған негізгі әдебиеттерді қолданбаған білім алушы лайықты. Сондай-ақ қателікке жол берген, бірақ оқытушының басшылығымен оларды жою үшін қажетті білімі бар.	65-69	Қанағаттанарлық
		60-64	
		55-59	
		50-54	
«Қанағаттанарлықсыз»	Сұрақтарға жауап беру кезінде принципті қателіктер жіберген, негізгі оқу материалының	25-49	Қанағаттанарлықсыз



білімдерінде елеулі олқылықтарды тапқан, жетекшілік ететін науқасты нашар білетін білім алушыға қойылады.

0-24

Білім бағалаудың көпбалдық жүйесі

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді: мәліметтер базасы, анимациялық симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электронды анықтамалық материалдар (мысалы: видео, аудио, дайджест)

№	Атауы	Сілтеме
1	ОҚМА электронды кітапханасы	https://e-lib.skma.edu.kz/genres
2	Республикалық ЖОО аралық электронды кітапханасы	http://rmebrk.kz/
3	«Акнурпресс» цифрлық кітапханасы	https://www.aknurpress.kz/
4	«Эпиграф» электронды кітапханасы	http://www.elib.kz/
5	Эпиграф – мультимедиялық оқулықтар порталы	https://mbook.kz/ru/index/
6	ЭБС IPR SMART	https://www.iprbookshop.ru/auth
7	«Заң» ақпараттық-құқықтық жүйесі	https://zan.kz/ru
8	Cochrane Library	https://www.cochranelibrary.com/

Электронды кітаптар

№	Атауы	Сілтеме
1	Балалар жұқпалы аурулары. Жаупанова З.Ж. , 2018 Aknurpress /	https://aknurpress.kz/login
2	Бегайдарова, Р. Х. Балалардағы жұқпалы аурулардың диагностикасы және ажырату диагностикасы : оқу құралы / Р. Х. Бегайдарова, Г. Қ. Алшынбекова - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2014. -	http://www.studmedlib.ru/

	144 с. - ЭБС/	
3	Балалар жұқпалы аурулары. Оқу құралы. 2018 Акнурpress/	https://aknurpress.kz/login
4	Балалардың жұқпалы аурулары /диагностикасы, емі, алдын алу шаралары/, м.ғ.д., профессорлар Құттықожанова Ғ.Ғ. оқу құралы.-Алматы:Эверо, 2020 - 232 бет	https://www.elib.kz/ru/search/read_book/532/
5	Құттықожанова Ғ. Ғ.Балалардың инфекциялық аурулары медициналық жоғарғы оқу орындарының студенттеріне, интерналарына және дәрігерлеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2020.	https://www.elib.kz/ru/search/read_book/527/
6	Соколова, Н.Г., Тульчинская, В.Д. Педиатрия с детскими инфекциями : Учебник. . - Ростов-на-Дону: РМЭБ	http://rmebrk.kz/
7	Ротавирусная инфекция у детей. Уч.пос. Михайлова Е.В. 2017 КАЗНУ	https://elib.kaznu.kz/
8	Современные эпидемиологические подходы при расшифровке этиологической структуры острых кишечных инфекций неустановленной этиологии у детей, роль и место иерсиниозов: монография Тьесова-Бердалина Р.А. , 2020 Акнурpress /	https://aknurpress.kz/login

Әдебиеттер

Орыс тілінде:

Негізгі:

- 1.Бекайдарова Р.Х. Балалардағы жұқпалы аурулардың диагностикасы және ажырату диагностикасы:оқу құралы.ГЭОТАР-Медиа,2014-25 экз
- 2.Диагностика и дифференциальная диагностика инфекционных заболеваний у детей: учеб. пособие для студентов и практикующих врачей В. Ф. Учайкин. : ГЭОТАР - Медиа, 2013.-61экз.
- 3.Учайкин, В. Ф. Инфекционные болезни у детей: учебник - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2013-10 экз.
- 4.Атлас инфекционных болезней;Владислав Иванович Лучшев; Сергей Николаевич Жаров, Владимир Владимирович Никифоров, Инфекциялық аурулар атласы:оқу құралы М.С. Курмангазин.М :ГЭОТАР-Медиа,2014-25 экз.
5. Абуова Г.Н. Жұқпалы аурулардың синдромдық дифференциялық диагнозы : оқулық -Шымкент, 2017.- 500 экз.
- 6.Учебник:Harrison's Infectious Diseases / Kasper D. L., Fauci A. S.; McGraw-Hill
- 7.Oxford Handbook of Tropical Medicine / Eddleston M. [et al.]; Oxford University Press, 3 edition, 2008

2.Қосымша:

- Гатауова, М. Р. Балаларда кездесетін жіті жұқпалы ауруларды емдеуде антибиотиктерді дәлелдемелі медицина тұрғысынан қолдану: оқу құралы - Алматы : Эверо, 2014-130 экз.
- Амиреев С.А. Стандарты и алгоритмы мероприятий при инфекционных болезнях 1,2 том: практическое руководство. –Эверо, 2014.
- Острые кишечные инфекции у детейА. В. Горелов;Издательство Гэотар-Медиа, 2016 г.; 144 страниц, <https://www.flip.kz/>
- Вирусные гепатиты в вопросах и ответах. Пособие для врачей . Т. В. Антонова, Д. А. Лиознов; , <https://www.flip.kz>
- Диагностика типичного случая инфекционной болезни (стандартизованный пациент). Учебное пособие. Гриф МО РФ .Е. В. Волчкова;Издательство Гэотар-Медиа, 2016 г.; 464 страниц, , <https://www.flip.kz>
- Воздушно-капельные инфекции. Стандарты медицинской помощи. С. Ю. Кочетков, А. С. Дементьев, Н. И. Журавлева;Издательство Гэотар-Медиа, 2016 г; 448 страниц, <https://www.flip.kz/>

Медицинская паразитология. Лабораторная диагностика.

Учебник. В. П. Сергиев; Издательство. Феникс, 2017 г.; 250 страниц, <https://www.flip.kz/>

Нормативно-правовые документы МЗ РК по инфекционным болезням.

Қазақ тілінде:

Негізгі:

Абуова Г.Н. Жұқпалы аурулардан дәрістер жинағы: оқу құралы - Шымкент, 2017ж. 448 б.

Қосымша:

Абуова Г.Н. Жұқпалы аурулардың синдромдық дифференциялық диагнозы: оқулық - Шымкент, 2017ж. 320 б.

Ағылшын тілінде:

Негізгі:

Harrison's Infectious Diseases / Kasper D. L., Fauci A. S.; McGraw-Hill, 3rd Edition, 2017.

Қосымша:

Oxford Handbook of Tropical Medicine / Eddleston M. [et al.]; Oxford University Press, 3 edition, 2008

Essentials of Clinical Immunology / Chapel H. [et al.]; Wiley-Blackwell Immunology / Male D.,

Brostoff J., Roth D. B., Roitt I. M.; Saunders / Elsevier, 6 edition, 2014 Travel and Tropical

Medicine Manual / Jong E. C. [ed. by], Sanford Ch.; Saunders / Elsevier, 2017

12. Пәннің саясаты

Білім алушыларға қойылатын талаптар, сабаққа қатысу, мінез-құлық және т.б.

Цикл барысында санитарлық кітапшасы болу, кафедрада және ауруханада арнайы киімде жүру: халат, колпак, ауыстырылатын аяқ киім, бетперде, міндетті түрде фонендоскоп қажет.

Тәртіпті, емдік қорғау режимін, тыныштықты сақтау қажет, персоналмен және науқастармен этико-деонтологияны, субординацияны сақтау.

Бөлімшелерде науқасты қурациялау кезінде қолдың тазалығын қадағалау (тырнақтарды алу қажет), қолды жуу мен дезинфекцияны қол жуу техникасына сәйкес орындау. Науқастар қурациясынан соң міндетті түрде қолды дезинфекциялау және жуу.

Қолда кесілген, терінің жарақаттары болса медициналық манипуляцияларды резиналық қолғаппен жүргізу.

Ауа-тамшылы инфекциямен науқастар палаталары мен бөлімшелерде міндетті түрде бетперде тағу, ол ауыз бен мұрынды жауып тұруы қажет. Бетпердені 3 сағат сайын ауыстыру қажет.

Бөлімшелерге тұмау және ЖРВИ белгілері бар қызметкерлер мен студенттер, ауа-тамшылы инфекциясы бөлімшелеріне жүктілер жіберілмейді.

Шаштар толығымен колпакпен немесе орамалмен жабылуы тиіс.

Электр тоғына қатысы бар заттарды ылғалды қолмен ұстамау.

Ауруханадағы медициналық аспаптарға және кафедрадағы техникалық оқу құралдарына ұқыпты қарау.

Тыйым салынады:

Науқастар кереуетіне отыруға.

Жұқпалы аурулар ауруханасының территориясында темекі шегуге.

Бөлімшеде және жұмыс орнында арнайы киімсіз жүруге.

Қысқа медициналық халат, ұзын юбка, көйлек, хиджаб, джинсы киюге. Арнайы киімде жұқпалы аурулар ауруханасының территориясынан шығуға.

Ауруханада қатты сөйлесуге, шулауға, науқастарға арналған дәретхананы пайдалануға. Палаталарда, коридорда, лабораторияларда тамақ қабылдауға

Бір бөлімшеден екінші бөлімшеге графиктен тыс өтуге, дәрігерлердің рұқсатынсыз ауру тарихтарын алуға.

№	Білім алушыларға қойылатын талаптар:	Орындалмаған жағдайда айыптау шаралары
1	Себепсіз сабақтан қалмау: а) дәріс б) тәжірибелік сабақ	а) жіберілген дәріс саны x 1,0 жалпы рейтингтен алынады б) жіберілген тәжірибелік сабақ саны x 2,0 жалпы рейтингтен алынады
2	Сабақтарда белсенді болу	Рейтингтің жоғарлауына әсер етеді



3	Сабаққа дайындалмай келу	Рейтингтің төмендеуіне әсер етеді
4	ОБӨЖ жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсыруы	ОБӨЖ жұмыстарын уақтылы кесте бойынша тапсырмаған жағдайда, оқу журналында балы төмендейді
5	Сабаққа кешікпеу	Сабаққа кешіккен жағдайда, оқу журналында балы төмендейді.
6	Сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау	Сабақ үстінде басқа іспен шұғылдануы рейтингтің төмендеуіне әсер етеді.
7	Сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу	Ескермеген жағдайда кафедра мәжілісінде талқыланып, деканатқа хабарланады.
8	Кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау	Мүліктерді бұзған жағдайда, қалпына келтіруі талап етіледі.
9	Себепті, себепсіз қатыспаған сабақтарын уақтылы қайта тапсыру	Жіберілген сабақты өтеу үшін, деканның рұқсат парағынсыз қабылданбайды.
10	Қорытынды аттестацияға жіберілмеу критеріі	Сабаққа нашар қатысуына байланысты (сабақтың 25% артық) оқу бағдарламасын төмен игеру және/немесе төменүлгерім (ЖР49% төмен)

13. Академияның моральдық және этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

Академиялық саясат. 4-т. Білім алушының ар-намыс кодексі.

Пән бойынша баға қою саясаты:

1. Сабақта білімді бақылаудың бірнеше формалары қолданылады. Журналға орташа баға қойылады.
2. Бақылау түрлерінің бірі бойынша (ағымдағы бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өту баллын (50%) жинамаған білім алушы пән бойынша емтиханға жіберілмейді.
3. Қорытынды рейтинг пән бойынша емтиханға жіберу 50 баллдан (60%) кем болмауы тиіс, ол ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (40%) + аралық бақылаудың орташа бағасы (20%) негізінде автоматты түрде есептеледі.
4. Аралық аттестаттау - екі кезеңде өткізіледі: тәжірбиелік дағдыларды ТДА әдісімен қабылдау (объективті құрылымдалған тәжірбиелік емтихан) және тестілеу.
5. ОБӨЖ бағалау кезінде баллды жоғарылату түріндегі білім алушыларды көтермелеу:
 - ғылыми-тәжірибелік, конференцияларға қатысу кезінде жүлделі орындарға ие болған білім алушыларға;
 - кафедраның ғылыми жобаларына белсенді қатысатын білім алушыларға;
 - республикалық және ЖОО-лық маңызы бар олимпиадаларға қатысқан білім алушыларға.

14. Келісі, бекіту және қайта қарау

Кітапхана-ақпараттық орталығымен келісілген күн	Хаттама №	КАО басшысы, ТАЖ	Қолы
14.06.24	№ 9	Дарбичева Р.И.	
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама №	Кафедра менгерушісі	
28.06.2024	№ 11	Абуова Г.Н.	
ББ АК мақұлданған күні	Хаттама №	ББ АК төрайымы	
14.06.24	№ 12	Хужахмедова Р.Н.	